

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы
Басқарма Төрағасы – Ректор
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» АҚ. З.Ғ. Д., профессор
Е. Бурибаев

« 28 »



26 ж.

Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 8D04201 Құқықтану

Білім беру бағдарламалар тобы: D078 Құқық

Талдықорған, 2026

1. Негізгі ережелер

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары және «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары негізінде 8D04201 Құқықтану білім беру бағдарламасына докторантураға түсетін тұлғалар үшін жасалды.

8D04201 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтихандарын өткізу күнтізбелік жылдың 04-20 тамыз аралығында университет базасында өткізіледі. Докторанттар қатарына қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызында аяқталады. Докторантураға қабылдау бойынша түсу емтихандарын өткізу күні мен уақыты, орны университет сайтында жарияланады.

Қабылдау емтиханы сұхбаттан және емтиханнан (эссе жазу және 3 блоктан тұратын білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары) тұрады. Қабылдау емтиханының нәтижелері 100 балдық шкала бойынша бағаланады, бұл ретте эссенің үлес салмағы 20 балды, әңгімелесудің үлес салмағы 30 балды, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан 50 балды құрайды және өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. Білім беру бағдарламасына түсу үшін шекті көрсеткіш 75 балл болып табылады.

2. Қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің докторантураға теориялық және практикалық дайындығын, білім, білік және дағдыларының дайындық саласындағы докторантура талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- 8D04201 – Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша теориялық негіздердің білім деңгейін тексеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен қабілеттерін анықтау;
- оқу және ғылыми әдебиеттердегі тиісті ережелерге сілтемелермен жұмыс істеу қабілетін тексеру;
- ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу қабілетін анықтау;
- кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау қабілетін бағалау;
- арнайы кәсіби терминология мен лексиканы меңгеру деңгейін бағалау.

3. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы PhD ғылыми атағын алу үшін Құқықтану докторантурасы бойынша білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалар үшін білім берудің алдыңғы деңгейі магистр дәрежесі болып табылады. PhD бағдарламасына кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар тұлғалар қабылданады.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде қабылданады.

Үміткер докторантураға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне дайын болуы керек. Өтініш беруші заманауи зерттеу әдістерін жетік білуі керек. Сонымен қатар, үміткер келесі ғылыми және әдістемелік дағдыларға ие болуы керек:

Білу:

- құқық теориясы мен заңнаманың негізгі ұғымдары мен принциптерін;
- құқықтық зерттеулер жүргізудің әдіснамалық негіздерін;
- құқықтық нормалар мен құқықтық жүйелердің құрылымы мен функцияларын;
- заманауи құқықтық ақпараттық базаларды және нормативтік-құқықтық актілерді.

Білуі керек:

- ғылыми-зерттеу әдістерінің түрлерін және олардың қолдану аясын;
- салыстырмалы құқықтану және құқықтық талдау әдістерін;
- ғылыми мақалалар, диссертациялық жұмыстарды дайындау және жариялау талаптарын;
- құқықтық дереккөздермен және ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу қағидаларын.

Меңгеруі:

- зерттеу тапсырмаларын тәуелсіз және жүйелі орындау;
- құқықтық құжаттарды, нормативтік актілерді аналитикалық тұрғыда талдау;
- ғылыми мәтіндерді жазу, құрылымдау және редакциялау;
- құқықтық зерттеулердің нәтижелерін практикаға енгізу үшін ұсынымдар жасау.

Келесі кәсіби дағдыларға ие болу:

- ғылыми-зерттеу жобаларын жоспарлау және басқару;
- көпшілік алдында ғылыми баяндамалар жасау және презентациялау;
- халықаралық ғылыми ынтымақтастық пен конференцияларға қатысу;
- құқықтық реформалар мен заңнамалық инициативаларды әзірлеуге қатысу;
- зерттеу нәтижелерін кәсіби ортада тиімді коммуникациялау.

4. Эссе жазуға қойылатын талаптар мен критерийлер

4.1 Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу көрінетін аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

ЭССЕ түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Дәйектілігі	ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану уәждер туралы үміткерлердің дәлелдері (research statement)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-аналитикалық	үміткерлердің болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Тақырыптық-проблемалық	пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

4.2 ЭССЕ бағалау критерийі

Критерий	Дескрипторы	Балл
Тақырыпты ашу тереңдігі	мәселе теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар қолданған	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
Аргументтелуі, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті	6
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытынды бар	4
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейі көрсетілген (ғылыми терминологияны білу, лексика, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғарғы балл		20

* А қосымшасында білім беру бағдарлама тобының эссе сұрақтары берілді

5. Сұхбат тәртібі және бағалау критерийлері

Сұхбат PhD докторантурасына түсу емтиханның міндетті бөлігі болып табылады және бейнежазбаны міндетті түрде қолдану арқылы, қашықтықтан жүргізіледі.

Сұхбат басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссиямен таныстырады, сұхбаттың басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.

Үміткер камераға сәйкестендіру үшін жеке куәлік береді..

Сұхбаттың ұзақтығы 20 минутқа дейін.

5.1. Сұхбаттың бағалау – барлық комиссия мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық мәнімен есептейді.

№	Критерийі	Дескриптор	Балл
1.	Дәйектілігі	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын көре білуі.	6
2.	Зерттеу қүзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеруі.	9
3.	Креативтілік	Ойлаудың өзіндік ерекшелігі, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдана алуы.	9
4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі, мағыналы, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйінді қорытынды жасай алуы Тілді меңгеру дағдысы	6
Ең жоғарғы балл			30

Сұхбат кезінде қойылатын сұрақтар үлгісі:

1. Неліктен Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетін таңдадыңыз?

2. Сіздің академиялық және мансаптық мақсаттарыңыз қандай? Неліктен сіз осы білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?

3. Біздің университет, білім беру бағдарламасы сізге осы мақсаттарға жетуге қалай көмектеседі?

4. Егер сіз оқуға түссеніз, біздің университеттің дамуына қандай үлес қоса аласыз? Сіз өз тарапыңыздан біздің университетке не бере аласыз?

5. Егер сіз біздің университетке түссеніз, сіздің алдыңызда қандай ерекше мүмкіндіктер ашылады? Сіздің ғылыми және шығармашылық әлеуетіңіз қалай ашылады?

6. Сіз таңдаған мамандықты үйрену тәжірибеңіз бар ма?

7. Неліктен академиялық бағытты өзгертуге шешім қабылдадыңыз? (егер сіз жаңа мамандық бойынша оқуға түссеңіз)
8. Сіз қандай қосымша курстарда немесе бағдарламаларда оқыдыңыз? Алынған дағдылар қалай қолданылды?
9. Сіз мақтан тұтатын сабақтан тыс жетістіктеріңіз бар ма? Олар туралы айтып берсеңіз
10. Сіз командада немесе жеке жұмыс істегенді ұнатасыз ба? Белгілі бір жобада топтық жұмыс кезінде қандай рөл атқарғыңыз келеді?
11. Сіз немен айналысасыз және жақын арада оқудан басқа не істеуді жоспарлап отырсыз? 10 жылдан кейін өзіңізді қай жерде көресіз?
12. Неліктен сіз осы мамандықты таңдадыңыз? Неліктен докторлық дәрежеге не болғыңыз келеді? Кіммен жұмыс істегіңіз келеді? Өз салаңыздың дамуына қандай үлес қосқыңыз келеді? Сізді қандай ғылыми сұрақтар қызықтырады?
13. Сіз таңдаған бағытта мансапты қалай дамытасыз?
14. Егер сіз жоспарланған салада мансап құра алмасаңыз, қалай әрекет етесіз?
15. Сіз қандай зерттеу тақырыбын таңдағыңыз келеді? Неліктен бұл зерттеу тақырыпты таңдадыңыз?
16. Сіздің зерттеулеріңіз тиімді болады деп ойлайсыз ба? Олар қандай нәтижеге әкеледі? Қазіргі зерттеуші қандай болуы керек? Оны сипаттаңыз.
17. Біздің университет сізге ғылыми-зерттеу жұмыстарында қалай көмектесе алады? Осы тақырып бойынша зерттеулер жүргізу біздің университетке не береді? Неліктен бұл маңызды болуы мүмкін?
18. Интернеттің қазіргі қоғамдағы рөлін ашыңыз?
19. Құқықтық зерттеулер жүргізу үшін қажетті заманауи тәсілдер туралы не білесіз?
20. Қазіргі жағдайда бизнесті қалай ұйымдастырар едіңіз?

6 Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының құрылымы мен мазмұны

Электронды емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блок	Сұрақ сипаттамасы	Балл
1-сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техниканы қолдана білу)	20
3-сұрақ	зерттелетін пәндік саланы жүйелі түсінуді, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді (жүйелі құзыреттіліктерді) анықтайды	20
Ең жоғарғы балл		50

Емтихан сұрақтарын құрастыру кезінде Дублиндік дескрипторларға, Блум таксономиясына сәйкестікті сақтау қажет, осылайша үміткерлердің жауаптары кезінде пәндік саладағы жүйелі түсініктерін, зерттеу әдістемесі мен әдістерін білу деңгейін, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау қабілетін анықтауға болады.

6.2 Электронды емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критеріі

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
1-сұрақ	зерттелетін пән саласының негізгі процестері туралы білімді көрсетеді; сұрақты ашу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша жүйелі және дәйекті түрде өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-сұрақ	пән саласындағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, технологияларды қолданады	8
	кұбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар жасайды	7
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	5
	Барлығы	20
3-сұрақ	теориялық және практикалық нұсқаулықтарды, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	8
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	5
	Барлығы	20
Ең жоғарғы балл		50 балл

* Б қосымшасында білім беру бағдарлама тобының емтиханды қабылдауға арналған бейінді пәндер бойынша сұрақтар тізімі

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға
дайындалуға арналған тақырыптар.**

**«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім)»
пәні**

**1. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының ұғымы,
пәні және әдісі.**

Азаматтық құқықтың құқық саласы ретіндегі ұғымы. Азаматтық-құқықтық реттеу пәні. Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар. Азаматтық-құқықтық реттеу әдісі. Қазақстан Республикасы азаматтық құқығының қағидаттары. Азаматтық құқықтың ұлттық құқық жүйесіндегі орны.

2. Азаматтық құқықтық қатынастар.

Азаматтық құқықтық қатынастың ұғымы мен ерекшеліктері. Азаматтық құқықтық қатынастың құрылымы. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері. Азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері. Азаматтық құқықтық қатынастың мазмұны. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері.

3. Жеке тұлғалар азаматтық құқық субъектілері ретінде.

Азаматтық құқықтағы жеке тұлға ұғымы. Жеке тұлғалардың азаматтық құқық қабілеттілігі. Жеке тұлғалардың азаматтық әрекет қабілеттілігі. Эмансипация және әрекет қабілеттілігін шектеу. Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану. Азаматты қайтыс болды деп жариялау. Жеке кәсіпкерлік жеке тұлғаның азаматтық айналымға қатысу нысаны ретінде.

**4. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы заңды
тұлғалар.**

Заңды тұлғаның ұғымы мен белгілері. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі. Заңды тұлғаларды жіктеу. Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар. Заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары. Заңды тұлғаның органдары және олардың құзыреті.

5. Азаматтық құқық объектілері.

Азаматтық құқық объектілерінің ұғымы мен түрлері. Заттар азаматтық құқық объектілері ретінде. Жылжымалы және жылжымайтын мүлік. Ақша және бағалы қағаздар. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер азаматтық құқық объектілері ретінде. Зияткерлік қызмет нәтижелері. Материалдық емес игіліктер және оларды азаматтық-құқықтық қорғау.

6. Азаматтық құқықтағы мәмілелер.

Мәміленің ұғымы мен белгілері. Азаматтық-құқықтық мәмілелердің түрлері. Мәміле нысаны: ауызша, жазбаша, нотариаттық. Мәмілелерді мемлекеттік тіркеу. Мәміленің жарамдылық шарттары. Жарамсыз мәмілелер және олардың құқықтық салдары. Даулы және ничтождық мәмілелер.

7. Окілдік және сенімхат.

Азаматтық құқықтағы өкілдік ұғымы. Өкілдіктің пайда болу негіздері. Заңды және шарттық өкілдік. Өкілдің өкілеттіктері. Сенімхаттың ұғымы мен түрлері. Сенімхаттың нысаны, мерзімі және тоқтатылуы. Өкілеттіксіз немесе өкілеттікті асыра отырып жасалған мәміленің салдары.

8. Азаматтық құқықтағы мерзімдер. Талап қою мерзімі.

Азаматтық құқықтағы мерзімдердің ұғымы мен маңызы. Азаматтық-құқықтық мерзімдердің түрлері. Мерзімдерді есептеу. Талап қою мерзімінің ұғымы. Талап қою мерзімінің жалпы және арнайы мерзімдері. Талап қою мерзімінің басталуы. Талап қою мерзімінің тоқтатыла тұруы, үзілуі және қалпына келтірілуі. Талап қою мерзімінің өту салдары.

9. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы меншік құқығы.

Меншік құқығының ұғымы мен мазмұны. Меншік иесінің өкілеттіктері: иелену, пайдалану және билік ету. Қазақстан Республикасындағы меншік нысандары. Меншік құқығын алу негіздері. Меншік құқығын тоқтату негіздері. Меншік құқығын қорғау.

10. Азаматтық-құқықтық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылық.

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың ұғымы. Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың туындау шарттары. Кінә жауаптылық негізі ретінде. Азаматтық құқықтағы кінәсіз жауаптылық. Залалды өтеу. Айыппұл және оның залалмен арақатынасы. Азаматтық-құқықтық жауаптылықтан босату негіздері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Mukaldyeva G.B., Alkebaeva Zh.A., Yermukhametova S.R., Urisbaeva A.A. Посреднические договоры в гражданском праве в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2023. — Том 105, № 1. — С. 50–57.
2. Озенбаева А.Т., Нұрмуханқызы Д., Жайлауова А.Ш., Кансеитова А.Қ., Рамашов О.Н. Проблемы правового регулирования личного подсобного хозяйства граждан в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2023. — Том 108, № 4. — С. 58–66.
3. Нурмагамбетов Ж.А. О некоторых аспектах исчерпания прав на товарные знаки в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2024. — Том 109, № 1. — С. 54–64.
4. Нусипжанов Н.Н., Кошкинбаева А.С., Сарина С.А., Кусаинов Д.О., Атаханова С.К. Цифровые, токенизированные акции: этапы совершенствования гражданского законодательства // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2024. — Том 109, № 1. — С. 65–73.
5. Бегазова Г.Ж., Өмірәлі Ж., Омурчиева Е.М. Казахстанская модель правового регулирования корпоративного управления // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2024. — Том 110, № 2. — С. 72–81.

6. Амангельды А.А., Дюсебаев Т.Т. Правопреемство прав в сфере интеллектуальной собственности // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2024. — Том 110, № 2. — С. 82–100.

7. Аронов А.К., Идрышева С.К. Информационные посредники в цифровой среде: проблемы авторского права и тенденции правового регулирования // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. — 2025. — Том 113, № 1. — С. 106–114. DOI: 10.26577/JAPJ202511319.

8. Кусаннова А.К., Омарова А.Б., Маликова Ш.Б. Центры обработки данных в Республике Казахстан: особенности правового статуса как субъектов гражданских правоотношений // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. — 2025. — Том 114, № 2. — С. 83–94. DOI: 10.26577/JAPJ202511428.

9. Сторикпаева А.О. Некоторые вопросы защиты прав потребителей в электронной торговле // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. — 2025. — Том 114, № 2. — С. 95–104. DOI: 10.26577/JAPJ202511429.

10. Амангельды А.А. К вопросу о плагиате и принуждении к соавторству // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2026. — Том 117, № 1. — С. 114–125.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ (Жалпы бөлім) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-І (Ерекше бөлім) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

4. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002198_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

5. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы: Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000220_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

6. Акционерлік қоғамдар туралы: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000415_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

7. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310-III Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000310_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

8. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы: Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z100000274_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

9. Потариат туралы: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі № 155-I Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000155_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

10. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы: Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000006_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім)» пәні

1. Міндеттемелердің жекелеген түрлері туралы жалпы ережелер.

Азаматтық құқықтың ерекше бөлімінің ұғымы мен маңызы. Шарттық және шарттан тыс міндеттемелер жүйесі. Азаматтық-құқықтық шарттарды жіктеу. Міндеттемелік құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің арақатынасы. Міндеттемелердің жекелеген түрлерін орындау қағидаттары. Жекелеген міндеттемелерді реттеудегі ҚР Азаматтық кодексінің маңызы.

2. Сатып алу-сату шарты.

Сатып алу-сату шартының ұғымы және құқықтық табиғаты. Шарт тараптары: сатушы және сатып алушы. Шарттың нысанасы, бағасы және мерзімі. Сатушының құқықтары мен міндеттері. Сатып алушының құқықтары мен міндеттері. Сатып алу-сату шартын бұзғаны үшін тараптардың жауаптылығы. Сатып алу-сату шартының түрлері.

3. Бөлшек сатып алу-сату.

Бөлшек сатып алу-сату шартының ұғымы. Субъектілік құрамының ерекшеліктері. Азаматтық-құқықтық қатынастардағы тұтынушы құқықтары. Сатушының тауар туралы ақпарат беру міндеттері. Сапасы тиісінше емес

тауарды сатудың салдары. Сатып алушы-тұтынушының құқықтарын қорғау. Қашықтықтан және электрондық сауданың ерекшеліктері.

4. Тауар жеткізілімі.

Тауар жеткізілімі шартының ұғымы мен маңызы. Жеткізілімнің сатып алу-сатудан айырмашылығы. Жеткізілім шартының тараптары. Жеткізілім шартының елеулі талаптары. Тауарларды жеткізу тәртібі мен мерзімдері. Тауарды толық жеткізбеу немесе жеткізу мерзімін өткізіп алу үшін жауаптылық. Мемлекеттік мұқтаждар үшін тауар жеткізудің ерекшеліктері.

5. Айырбас шарты және сыйға тарту шарты.

Айырбас шартының ұғымы мен белгілері. Айырбастың сатып алу-сатудан айырмашылығы. Айырбас шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері. Сыйға тарту шартының ұғымы. Сыйға тарту шартының нысаны. Сыйға тартуға қойылатын шектеулер мен тыйымдар. Сыйға тартудың күшін жою және шартты орындаудан бас тарту.

6. Мүлікті жалдау шарты.

Жалдау шартының ұғымы және құқықтық табиғаты. Жалдау шартының тараптары. Жалдау шартының нысанасы. Жалға берушінің құқықтары мен міндеттері. Жалға алушының құқықтары мен міндеттері. Жалдау ақысы және оны енгізу тәртібі. Жалдау шартын тоқтату.

7. Тұрғын үйді жалдау шарты.

Тұрғын үйді жалдау шартының ұғымы. Тұрғын үйді жалдау шартының тараптары. Тұрғын үй-жай шарттың нысанасы ретінде. Жалға берушінің құқықтары мен міндеттері. Жалға алушының құқықтары мен міндеттері. Уақытша тұрғындар және қосымша жалдау. Тұрғын үйді жалдау шартын бұзу және шығару.

8. Мердігерлік шартының жекелеген түрлері.

Тұрмыстық мердігерлік. Құрылыс мердігерлігі. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік. Мемлекеттік мұқтаждар үшін мердігерлік жұмыстар. Орындалған жұмыстардың нәтижесін қабылдау. Жұмыс нәтижесінің кездейсоқ жойылу қаупі. Мердігерліктің жекелеген түрлері бойынша тараптардың жауаптылығы.

9. Зияткерлік меншік құқығы.

Зияткерлік меншік ұғымы. Зияткерлік меншік объектілері. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар. Патенттік құқық. Тауар белгілері және дараландырудың өзге де құралдары. Айрықша құқықтар. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау.

10. Мұрагерлік құқық.

Мұрагерлік құқықтың ұғымы мен маңызы. Мұрагерлік негіздері: заң бойынша және өсиет бойынша. Мұраның ашылуы. Мұралық мүліктің құрамы. Заң бойынша мұрагерлер. Өсиет: нысаны, мазмұны және өзгертілуі. Мұраны қабылдау және мұрадан бас тарту. Мұрагерлердің мұра қалдырушының қарыздары бойынша жауаптылығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Mukaldyeva G.B., Alkebaeva Zh.A., Yermukhametova S.R., Urisbaeva A.A. Посреднические договоры в гражданском праве в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2023. — Том 105, № 1. — С. 50–57.
2. Вауан М. К вопросу об определении места страхового права в системе казахстанского права на современном этапе развития страховых отношений // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2023. — Том 105, № 1. — С. 84–91.
3. Gafarova Kh.R. Наследственный статут: сравнительный анализ законодательства разных государств // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2023. — Том 106, № 2. — С. 148–156.
4. Нурмагамбетов Ж.А. О некоторых аспектах исчерпания прав на товарные знаки в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2024. — Том 109, № 1. — С. 54–64.
5. Амангельды А.А., Дюсебаев Т.Т. Правопреемство прав в сфере интеллектуальной собственности // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2024. — Том 110, № 2. — С. 82–100.
6. Алимкулова А.С., Кайшатаева А.К., Сартбаева У.К., Мадалиева А.А. Научно-теоретическое изучение договора аренды коммерческих помещений в системе юриспруденции // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2024. — Том 112, № 4. — С. 64–72.
7. Мукалдиева Г.Б., Баймуханова Д.М., Жагыпар Ж. Договор оказания услуг в цифровой экономике // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2025. — Том 113, № 1. — С. 80–95.
8. Аронов А.К., Идрышева С.К. Информационные посредники в цифровой среде: проблемы авторского права и тенденции правового регулирования // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2025. — Том 113, № 1. — С. 106–114.
9. Сюрикпаева А.О. Некоторые вопросы защиты прав потребителей в электронной торговле // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2025. — Том 114, № 2. — С. 95–104.
10. Абишева М.Н. Правовая природа страхования и интеграционные процессы в международном пространстве // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2026. — Том 117, № 1. — С. 148–159.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-І (Ерекше бөлім) // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K990000409_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.
2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы: Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық

жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі:
https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z100000274_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

3. Қаржы лизингі туралы: Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі № 78-ІІ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі:
https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000078_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

4. Сактандыру қызметі туралы: Қазақстан Республикасының 2000 жылы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000126_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

5. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы: Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 258-VІІІ ҚРЗ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2600000258_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

6. Қазақстан Республикасындағы көлік туралы: Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156 Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z940007000_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

7. Тұрғын үй қатынастары туралы: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-І Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000094_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

8. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы: Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000006_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

9. Қазақстан Республикасының Патент заңы 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427-І // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000427_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

10. Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы: Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі № 456-І Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000456_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

«Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы» пәні

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығының ұғымы, пәні және жүйесі.

Азаматтық процестік құқықтың ұғымы. Азаматтық процестік реттеу пәні. Азаматтық процестік құқықтың әдісі. Азаматтық процестік құқықтың жүйесі. Азаматтық процестік құқықтың азаматтық, отбасы, еңбек және әкімшілік құқықпен арақатынасы. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы азаматтық процестік құқықтың маңызы.

2. Азаматтық процестік құқықтың қайнар көздері.

Азаматтық процестік құқық қайнар көздерінің ұғымы. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтық сот ісін жүргізудің негізі ретінде. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Халықаралық шарттар азаматтық процестік заңнама жүйесінде. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары. Азаматтық процестік заңның уақыт, кеңістік және тұлғалар шеңбері бойынша қолданылуы.

3. Азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттары.

Азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері. Заңдылық қағидаты. Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыру қағидаты. Заң мен сот алдындағы теңдік қағидаты. Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы қағидаты. Сот талқылауының жариялылығы қағидаты. Азаматтық процестегі диспозитивтілік қағидаты. Сот актілерінің міндеттілігі қағидаты.

4. Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы және соттылығы.

Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы ұғымы. Ведомстволық бағыныстылық түрлері. Соттылық ұғымы. Тектік соттылық. Аумақтық соттылық. Баламалы, айрықша және шарттық соттылық. Істі бір соттан басқа сотқа беру.

5. Азаматтық процеске қатысушылар.

Азаматтық процеске қатысушылардың ұғымы және жіктелуі. Сот азаматтық процестік құқықтық қатынастардың міндетті субъектісі ретінде. Іске қатысатын адамдар. Азаматтық процестегі тараптар. Азаматтық процестегі үшінші тұлғалар. Азаматтық сот ісін жүргізудегі прокурор. Окілдер, куәлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар.

6. Азаматтық процестегі тараптар.

Азаматтық процестегі тараптар ұғымы. Талап қоюшы және жауапкер. Тараптардың процестік құқықтары мен міндеттері. Процестік бірге қатысу. Тіңісіне емес жауапкерді ауыстыру. Процестік құқық мирасқорлығы. Тараптардың өкімдік әрекеттері: талаптан бас тарту, талапты мойындау, татулау келісімі.

7. Соттағы өкілдік.

Сот өкілдігінің ұғымы. Өкілдіктің пайда болу негіздері. Заңды өкілдік. Шарттық өкілдік. Соттағы өкілдің өкілеттіктері. Өкілдің өкілеттіктерін ресімдеу. Жекелеген тұлғалардың өкіл ретінде қатысуына қойылатын шектеулер.

8. Азаматтық процестегі дәлелдемелер және дәлелдеу. Азаматтық процестегі дәлелдемелердің түрлері.

Сот дәлелдемелерінің ұғымы. Дәлелдеу пәні. Дәлелдемелердің қатыстылығы және жол берілетіндігі. Дәлелдемелердің анықтығы және жеткіліктілігі. Дәлелдеу міндеті. Дәлелдеуден босату негіздері. Дәлелдемелерді соттың бағалауы. Тараптар мен үшінші тұлғалардың күсініктемелері. Куәлардың айғақтары. Жазбаша дәлелдемелер. Заттай дәлелдемелер. Электрондық дәлелдемелер. Сарапшы қорытындысы. Маман қорытындысы. Аудио- және бейнежазбалар дәлелдеу құралдары ретінде.

9. Азаматтық істі сот талқылауына дайындау.

Істі дайындау сатысының ұғымы мен маңызы. Істі сот талқылауына дайындаудың міндеттері. Істі дайындау кезінде судьяның әрекеттері. Тараптардың талаптары мен қарсылықтарын нақтылау. Дәлелдемелерді талап ету. Істі дайындау сатысындағы татуластыру рәсімдері. Істі сот талқылауына тағайындау.

10. Азаматтық процестегі ерекше іс жүргізу.

Ерекше іс жүргізудің ұғымы мен мәні. Ерекше іс жүргізудің талап қою іс жүргізуінен айырмашылығы. Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау. Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану. Азаматты қайтыс болды деп жариялау. Әрекет қабілеттілігін шектеу және азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану. Бала асырап алу туралы істерді қарау. Жоғалған бағалы қағаздар бойынша құқықтарды қалпына келтіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Сатаева А.Б. О некоторых аспектах правового регулирования представления документов в суде Международного финансового центра «Астана» // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2023. — Том 105, № 1. С. 28–37.

2. Сатаева А.Б. О некоторых теоретических и правовых аспектах раскрытия доказательств в гражданском процессе Англии и Казахстана // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. — 2023. — № 2 (73). — С. 234–242.

3. Бегазова Г.Ж. Некоторые вопросы обеспечения исков, возникающих из корпоративных правоотношений // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2023. — Том 105, № 1. — С. 58–66.

4. Меирбекова Г.Б., Жарболова А.Ж., Мынбатырова Н.К. Некоторые вопросы правового регулирования участия переводчика в гражданском

процессе // Вестник КазНУ. Серия юридическая. — 2023. — Том 107, № 3. — С. 51–59.

5. Идрышева С.К. Конституционный принцип судебной защиты и его реализация на практике // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». — 2024. — № 1. — С. 14–22. DOI: 10.31489/2024L1/14-22.

6. Бектурганов М.Ж., Максатов Н.Р., Мороз С.П. Досудебный протокол в гражданском процессе // Вестник Карагандинского университета. Серия «Право». — 2024. — Том 29, № 3 (115). — С. 163–170. DOI: 10.31489/2024L3/163-170.

7. Аблаева Э.Б., Исмаилова Б.Ш., Мухтарова С.М., Саутбаева С.Б., Утанов М.А. Внесудебный и досудебный порядки урегулирования споров в Казахстане // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. — 2024. — № 1 (76). — С. 118–129.

8. Аблаева Э.Б. Проблемы пересмотра судебных актов в Верховном Суде Республики Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. — 2024. — № 3 (78). — С. 135–147.

9. Бектурганов М.Ж., Максатов Н.Р., Акимбекова С.А. Особое мнение судьи в гражданском судопроизводстве Республики Казахстан // Journal of Actual Problems of Jurisprudence. — 2024. — Том 112, № 4. — С. 73–80.

10. Баймолдина З.Х. Гражданское судопроизводство в Казахстане: тенденции развития // Вестник Института права Башкирского государственного университета. — 2025. — Том 8, № 1 (25). — С. 254–265. DOI: 10.33184/vest-law-bsu-2025.25.22.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Кодексі // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377> — Жүгінген күні: 20.05.2026.

2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000132_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

3. Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z100000261_ — Жүгінген күні: 20.05.2026.

4. Медиация туралы: Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000401> — Жүгінген күні: 20.05.2026.

5. Төрелік туралы: Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V ҚРЗ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000488> — Жүгінген күні: 20.05.2026.

6. Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы: Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000176> — Жүгінген күні: 20.05.2026.

7. Сот-сараптама қызметі туралы: Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000044> — Жүгінген күні: 20.05.2026.

8. Нотариат туралы: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі № 155-I Заңы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000155> — Жүгінген күні: 20.05.2026.

9. Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P03000005S> — Жүгінген күні: 20.05.2026.

10. Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығыстары туралы заңнаманы қолдануы туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P06000009S> — Жүгінген күні: 20.05.2026.

Құқықтық пәндер

кафедрасының меңгерушісі



Д. Бекежанов

**Білім беру бағдарламаларының
жобалық офис жетекшісі**



Б. Рысдаулетова

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**



Ә. Мейрамбек

**Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры**



Г. Кыдырбаева

**Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор**

Б. Таубаев